



**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международного научно-методического семинара:
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»**

**В рамках проекта ИРН АР14869631 «Модель «зеленая школа – зеленый колледж
– зеленый университет» как система развития экологизации образования»**

**28 ОКТЯБРЯ 2022 Г.
АСТАНА, РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»
ФАКУЛЬТЕТ СОЦИАЛЬНЫХ НАУК
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ
КАФЕДРА ПСИХОЛОГИИ



МОСКОВСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М.В. ЛОМОНОСОВА
ФАКУЛЬТЕТ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ БАЗОВОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ
ОБРАЗОВАНИЮ СТРАН СНГ

КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫЙ ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ФОНД ИМЕНИ В.И. ВЕРНАДСКОГО

ШКОЛА-ЛИЦЕЙ N101 ИМ.А. МУСЛИМОВА «ЗЕЛЕНАЯ ШКОЛА»,
(Г.КЫЗЫЛОРДА. РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН)

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международного научно-методического семинара:
«АНАЛИЗ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ «ЗЕЛЕННЫХ»
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ»

28 октября

г. Астана – 2022

УДК 378(08)
ББК 74.48я431
А 64

*Выполнено в рамках научного проекта ИРН АР14869631
«Модель «зеленая школа – зеленый колледж –
зеленый университет» как система развития экологизации образования»*

Рецензенты:

Менлибекова Гильбахыт Жолдасбековна – доктор педагогических наук, профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Молдабекова Сандугаш Каирхановна – PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Казахстан

Главный редактор:

Длимбетова Гайни Карекеевна

д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,
г.Астана, Казахстан

Редакционная коллегия:

Булатбаева К.Н., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Саипов А.А., д.п.н., профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Курманбаев Р.Х., к.б.н., профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан;

Абенова С.У., PhD, старший преподаватель кафедры педагогики Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Дукомбайев А.Т., магистр гуманитарных наук, магистр истории Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан;

Әкіміш Д.Е., магистр педагогических наук Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

Технический редактор – Табаран Д.А., магистрант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Казахстан.

А 64 «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений»: Сборник матер. Межд. науч.-метод. семин. /– Астана, 28 октября, 2022 г. – Астана: типография ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 278 с.

ISBN 978-601-337-781-0

Настоящий сборник составлен по материалам международного научно-методического семинара «Анализ учебных программ в контексте развития «зеленых» учебных заведений», состоявшегося 28 октября 2022 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Материалы семинара предназначены для ученых, педагогов-предметников высших, средних учебных заведений, магистрантов, докторантов PhD и аспирантов, международных экспертов, представителей общественных организаций.

Материалы публикуются в авторской редакции, и редколлегия не несёт ответственности за содержание авторских материалов.

УДК 378(08)
ББК 74.48я431

ISBN 978-601-337-781-0

© ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2022

дуальды оқыту жүйесін қолдану нәтижесінде жұмысқа орналасқан түлектердің саны артып келеді, өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келеді, ал оқыту өндіріс сұраныстарына барынша жақын.

Жүргізілген SWOT-талдау нәтижесінде жобаның мықты жақтарының арасында студенттердің жұмысқа орналасуын, олардың жоғары біліктілігін, өндірісте жаңа персоналдың бейімделуінің қысқа кезеңін қоса алғанда, олардың мансаптық перспективалары айқындалды. ВІВВ сарапшылары өңірлерде нормативтік-құқықтық базаның, практикаға бағдарланған оқыту бағдарламаларының бар екенін, жұмыс берушілердің білім беру процесіне қатысуын, түлектердің біліктілік деңгейін тәуелсіз бағалауды және оларды одан әрі жұмысқа орналастыру үшін мүмкіндіктердің бар екенін атап өтті. Зерттеуге қатысқан өңірлер білім беру процесі, бағдарламалар, оқыту технологиялары, кәсіпорындардың білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылы деңгейінде оң нәтижелер көрсетті [2].

Әдебиет тізімі:

1. Романов, С.П. Развитие дуальной системы инженерно-педагогического образования в высшем учебном заведении: автореферат / С.П. Романов. – Нижний Новгород: Волжский гос. инж.-пед. ун-т, 2008. [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://irbis.gnpbu.ru/Aref_2008/Romanov_S_P_2008.pdf

2. Немецкие эксперты оценили эффективность внедрения дуальной модели образования в регионах России / 03.02.2017, Новости АСИ [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://asi.ru/news/63644/>

ӘОЖ 911.3

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ ТАҚЫРЫБЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМДЕРІН ЭКОЛОГИЯЛАНДАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «АСТАНАДА АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ ӘРҚАШАН ӨЗЕКТІ» АТТЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ МАЗМҰНЫ

Саипов Абдимажит Аманжолович

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Saipov1954@mail.ru

Тургамбекова Алма Базарғалиевна

ШЖҚ МКК «№62 мектеп-лицейі», Астана, Қазақстан

Alma_ganat@mail.ru

Аңдатпа: Астана қаласы тұсындағы Есіл өзенінің экологиялық ластану жағдайын бақылау үшін келесі ластаушы заттар бойынша зерттеу нәтижелері алынды: мыс, мұнай өнімдері және фенолдар. Нәтижелер көрсеткендей бұл параметрлер бойынша Есіл өзені айтамыз. Жергілікті халық Есілдің өзінен суын алып, ішіп отырған. Таза қардың суы, бұлақтың суы қосылғандықтан, өте табиғи әрі таза еді. Қаланың өзінде 30 шақты бұлақ көзі болды. Бұлақ бастаулардың көзін құрылыс басып қалды. Тұрғындардың сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су көздерінің тазалығын сақтау мақсатында суды қорғауға бағытталған техникалық және санитарлық шараларды іске асыру керек.

Түйін сөздер: Есіл өзені, экологияландуру, географиялық білімді экологияландару, экологиялық ластану, Есіл су арнасы, ауыз су, өндіріс қалдықтары.

Қазақстанның орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндердің арнайы пәндік мазмұнын экологияландыру үдерісіне бағыттауда мүмкіншілігі орасан зор. Солардың қатарында табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін жан-жақты зерттейтін, оның географиялық құбылыстары мен заңдылықтарын ұғындыратын география пәндерінің алатын орны ерекше.

Сондықтан біз, өз тәжірибемізде география пәні бойынша барлық тақырыптар аясында оқушылардың географиялық білімін экологияландыру мақсатанда жергілікті жерлердің экологиялық мәселелері туралы мәліметтерді ұдайы кіріктіріп отыруға ұмтылыс жасаймыз.

Солардын бірі Қазақстан географиясы пәні бойынша өтілетін су ресурстары тақырыбында, су ресурстарын тиімді пайдалану, қорғау мәселелерін оқыту барысында жергілікті компонент мәліметтерін қосымша береміз. Мысалы, аталған тақырыбы бойынша географиялық білім мазмұнын экологияландыру мақсатында мына төмендегідей ғылыми негізделген мәліметтер қажет деп санаймыз.

Дана халқымыз сусыз тіршілік жоқ деп бекер айтпаған. Су адамзаттың түп тамыры, себебі, жер бетіндегі жыбырлаған жанның барлығы да судан нәр алып, өсіп- өрбиді. Ал адамзат баласы осынау ен даланың тіршілігіне көрік беріп отырған суды ысырап етпей, үнемдеп пайдаланған. Өйткені ғаламшарымызда ішуге жарамды судың мөлшері аз екені бәрмізге белгілі. Ал біз күнделікті судың қадірін біле бермейтініміз - шындық. Сарқырап су ағып тұрған соң бір тамшы суға зар болған жандарды түсіне бермейміз. Дәрігерлердің кеңесіне жүгінетін болсақ, күнделікті өмірде 1-2 литр су ішетініміз керек екенін айтып отырады. Адам ағзасында су жеткілікті мөлшерде болса, ми, жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек қалыпты жұмыс істейді. Ал су жетіспесе, буын шеміршектері құрғап, сырқатқа әкеледі. Қан қысымы көтеріліп, ас қорыту жүйесі бұзылады, мидың жұмысы мен есте сақтау қабілеті нашарлайды. Көптеген ауру түрлеріне шалдығу адам бойында судың жеткіліксіздігі салдарынан болады. Қазіргі кезде өнеркәсіпте көп қажеттіліктерге суды пайдаланғаннан, өндіріс қалдықтары суды ластауда. Сондықтан күн өткен сайын ішуге жарамды таза су азайып барады. Бұл ретте біз қолымыздан келгенше суды үнемдеп, оның басты құндылық екенін естен шығармауымыз керек. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, 2025 жылға қарай мемлекет халықты сумен жабдықтау қызметтерімен 100% қамтамасыз етуге тиіс. Суды тазалауда оны әрі түрлі микроорганизмдерден, бактериялардан және вирустардан залалсыздандырудың орны ерекше, және бұл үлкен проблемалар болып отыр.

Адамдарды ауруға ұшырататын көптеген паразит вирустар суда ұзақ уақыт өмір сүріп және көбейіп отырады. Патогенді су арқылы ауру тарататын микроорганизмдер адамдарға өте қатерлі аурулар жұқтырады. Олар: тырысқақ, қан тышқақ, іш сүзегі, туляремия, полиомиелит және т.б. Патогенді бактериялар өлген жануарлар немесе әр түрлі жаман қалдықтар, үйінді қоқыстар тасталған аумақтар арқылы ағып өткен жаңбыр және ағынды сулар арқылы су қоймаларына енеді. Бұл микроорганизмдер адам өміріне өте үлкен қауіп тудыратын болғандықтан, шаруашылық және ішуге қажетті суды залалсыздандыру міндетті түрде іске асырылуы тиіс.

Астананың пайдаланатыны - жер беті суы. Батпақты, саздауыт өңірлердің суын алғаш келгендер іше алмай қиналып жүрдік. Күн сайын қалаға берілетін ауыз судан қалдық хлордың құрамы анықталып отырады. Астана қаласы тұрғындарының көпшілігіне ұнамай жүргені – Астаналық судың дәмі, түсі.

Есіл су арнасы 10 сүзгі арқылы сүзіліп, қалаға жөнелтіліп келсе, соның барлығы да құмды пайдалану арқылы іске асатын. Бұл суды тазартқанымен оның құрамындағы саздың дәмін кетіре алмайтын.

Астана қаласы тұсындағы Есіл өзенінің экологиялық ластану жағдайын бақылау үшін келесі ластаушы заттар бойынша зерттеу нәтижелері алынды: мыс, мұнай өнімдері және фенолдар. Нәтижелер көрсеткендей бұл параметрлер бойынша Есіл өзені мен оған құятын Сарыбұлақ пен Ақбұлақ сағалары және Нұра өзенімен қосылар тұста судың құрамындағы зиянды заттар әлдеқайда жоғары екендігі байқалып отыр. Ақмола облысындағы Есіл өзенінің сағасы мен оны толықтырып тұратын су қоймасының тазалығына баға берер болсақ, тазалық деңгейін 2 –ші топқа жатқызуға болады. Негізінде Есіл өзені суының сапасы мен тазалығы су тасқыны кезінде жинақталған судың мөлшеріне байланысты, әдетте, тасқын сумен неше түрлі заттар ағып келіп, өзенді ластайды.

Есіл өзені мен оған құятын Ақбұлақ пен Сарыбұлақ – Астана қаласының ең негізгі және маңызды су артериясы. Сарыбұлақ кіші өзені қаланың батыс бөлігінде орналасқан. Өзеннің ұзындығы – 8,5 шақырым. Судың сапасын өзен жағалауының санитарлық – экологиялық жағдайы мен өнеркәсіптердің лас құйылымдарының ағынды сулармен құйылу әсерін тигізеді.

Судың ластануы бәрімізге белгілі қоршаған ортамен тығыз байланысты. Су ресурстарын ластаушы адамның өзі, қазіргі кезде су ресурстарының ластануына келетін болсақ, Астана қаласын сумен қамтамасыз ететін Вячеслав су қоймасының, яғни оған құятын Есіл өзенінің сапасы орташа деңгейде келеді. Су ресурстарын ластаушы көздердің бірі-неше

түрлі қалдықтар. Қалдықтар өзендерді ластап, олармен бірге әр түрлі ауру тудырушы бактерия және вирустар өзендерге енеді. Бұл адам өміріне өте қауіпті. Осы қалдықтар өзенге қалай келеді деген сұрақ туындайды? Бұл сұрақтың жауабы өте оңай, әрине өзен, көлдерді ластайтын адам баласының өзі және де климаттың атқаратын рөлі де ерекше. Неге десеңіз, жел арқылы жиналмай қалған қоқыстар өзендерге түседі. Бұғанда кінәлі тағы өзіміз. Сонда былай қарап отырсақ өз өмірімізді өзіміз құртады екенбіз. Ендеше неге өмірімізді өзіміз қорлаймыз ? Сондықтан да қоршаған ортамызды таза ұстасақ, өзен, көлдеріміз де, яғни ішетін ауыз суымыз таза болады.



Сурет 1 – Есіл өзені

Жергілікті халық Есілдің өзінен суын алып, ішіп отырған. Таза қардың суы, бұлақтың суы қосылғандықтан, өте табиғи әрі таза еді. Қаланың өзінде 30 шақты бұлақ көзі болды. Бұлақ бастаулардың көзін құрылыс басып қалды. Тұрғындардың сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су көздерінің тазалығын сақтау мақсатында суды қорғауға бағытталған техникалық және санитарлық шараларды іске асыру керек.

Астана қаласында су ресурстарының ластануын болдырмау үшін мемлекет тарапынан көптеген іс-шаралар жүргізілуде.

Су ресурстарын ластаушы әр түрлі қалдықтар екенін білеміз. Ал енді сол қалдықтардан су көздерін қалай тазартамыз деген сұрақ туындайды?

Суды негізінде ластайтын көздерге өнеркәсіптік және қоммуналдық канализация сулары және басқада өндіріс қалдықтары, құрамында әр түрлі агрохимикаттары (пестицидтері, тыңайтқыштары, т.б) бар егістік жер қыртысының шайындысы, суармалы жүйенің дренажды суы, мал шарушылығының ағындылары, су қоймаларына жауын - шашын арқылы әкелінетін ластағыштар жатады.

Судың жетіспеуінің алдын алуға бағытталған іс – шараларға ең алдымен суды тиімді пайдалану мен оны территориялық жағынан таралуын өзгерту жатады. Судың сарқылуы мәселесін шешу үшін төмендегі іс – шараларды жүзеге асыру қажет:

- Суды тиімді пайдалану технологияларын пайдалану;
- Өндірісте суды бірнеше рет қайталап пайдалану ;
- Ауыз су мақсатында берілетін суды өндірістік процестерде қолданбау;
- Ауыз суды тамаққа, тұрмыстық мақсатта пайдаланатын судан бөлек құбырмен беру.

Суды мөлшерді түрде беру және оның ысырап болуына жол бермеу;

Суға экономикалық тұрғыда негізделген баға қою. Нақты бағалау нәтижесінде судың ысырап болуына біршама төмендетуге болады. Су ресурстарының ластануын шешудің негізгі бағыттарын анықтады. Ол суды үнемді пайдалану арқылы су ресурстарының тапшылығын болдырмау, су жүргізетін және судың сапасын жақсартатын жүйелерді жетілдіру, жер асты суларының деңгейін төмендету, «Талдықөл» жинап – буландырғыш су қоймасын жою, Есіл өзенінің және Сарыбұлақ , Ақбұлақ сағаларының жағалауларын абаттандыру, нөсер кәріздерін тазартқыш құрылғылармен жабдықтау. Қала төңірегіндегі канал, ауыл маңындағы өзен, құдық суларын ластамай тиісінше таза ұстауға шақырамын!

Мақала ЖТН АР14869631 «Модель «Жасыл мектеп – жасыл колледж - жасыл университет» білім беруді экологияландыруды дамыту жүйесі ретінде» атты жобасын жүзеге асыру шеңберінде орындалған.

Әдебиет тізімі

1. Аяпберген Салихов Дереккөзі // «Нарын таңы» ғылыми журнал. – Алматы, 2018. – Б.3-13
2. Гүлнара Жомартова // «Есілдің ертеңі елендетеді» экология журнал.- Астана, 2014. -Б. 5-6
3. Динара Абдирова <https://24.kz/ru/news/social/item/492421-esil-odna-iz-samykh-gryaznykh-rek-v-kazakhstan>

ӘӨЖ 371.385.3:376.42(574)

АУТИСТІК СПЕКТРЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ЖАҢБЫРЛЫ БАЛА» ЖОБАСЫ

Аккутанова Меруерт Мырзахановна, Жанахметова Мәлдір Ерланқызы
К.Қаракөзов атындағы №235 орта мектеп,
«Аутизм балаларды қолдау» кабинеті, Қызылорда, Қазақстан
meruert235@bk.ru

Аңдатпа: Бұл жоба арқылы жалпы білім беретін мектептегі аутистік спектрлі бұзылысы бар оқушылар қоршаған ортамен қарым-қатынасты жасауға дағдыланады. АСБ бар оқушылардың танымдық аймағын дамыту үшін, түзету, дамыту жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларға экологиялық тәрбие беруге үйретеміз. Жоба барысында оқушылар табиғат аясында жүргендей әсер алып, психологиялық, физиологиялық көмек алады.

Түйін сөздер: аутизм, аутистік спектрлі бұзылыс, түзету, дамыту, тынығу аймағы.

Жоба түрі: танымдық, шығармашылық.

Бағыты: реалкация, танымдық, түзету-дамыту.

Жобаның мақсаты: Аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың ортаға деген қарым-қатынасын және өзара іс-қимыл процесінде өзіне деген сенімділігін арттыру. Аутизмді бар балаларға тән сенсорлық және эмоцианалдық жайсыздықты жеңілдету, баланың психикалық белсенділігін арттыру.

Жобаның болжамы: Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың бойындағы агрессивті, жағымсыз мінез-құлықты жеңу, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, қоғамда өзін қалыпты ұстау т.б қасиеттерін қалыптасыту мақсатында – бала өзін жайлы сезіну үшін «Жаңбырлы бала» тынығу аймағын ашу. Тынығу аймағында бала табиғат аясында демалып, барлық үрейді бойынан шығара алады. Релаксациялар мен музыкалық терапияларды қолдана отырып оқушының бойына жайлылық сезімін ұялатамыз. Табиғаттағы, ормандағы құстардың дауысы, сарқырап аққан судың дауысы, түрлі аң-құстардың әдемі дауыстарын балаға тыңдату арқылы жағымды орта қалыптастыру.

«Жаңбырлы балалар» тынығу бөлмесі -бұл сезім арқылы қабылдауды ынталандыруға арналған арнайы бөлме. Ол көбінесе демалу бөлмесі деп аталады, бірақ реалкация оның құндылығымен шектелмейді. Арнайы жабдықтың арқасында тынығу бөлмеде адамның көру, есту, иіс сезуіне, жанасуына дұрыс әсер етуге көмектесетін орта құрылады, бұл өзіне және қоршаған әлеммен үйлесімділік табуға ықпал етеді, оны өз денесінің жұмысына көңіл бөлуге және оның сезімдерінің дамуын түсінуге үйретеді.

«Жаңбырлы балалар» тынығу бөлмесінің маңыздылығы -балалар үшін бөлменің маңыздылығы оның даму құндылығында. Шындығында, табиғаттағы құбылыстарын қабылдау ерекше маңызды рөл атқарады: балалар өздерінің сезім органдары арқылы шындықпен танысады және бұл олардың физикалық және психикалық күйіне ғана емес, мидың қалыптасуына да әсер етеді. Егер бала қажетті сезімдерді қабылдаса, бұл оның дамуына кері әсерін тигізеді және болашақта әртүрлі мәселелерге соқтыруы мүмкін. Табиғат аясында тынығу балаға тиісті тәжірибе жинауға көмектесе алады: мұнда ол өзінің вестибулярлық аппаратын